База өзінен 5,5 км ара-қашықтықта орналасқан жылу электр орталығында орналасқан генератор шиналарынан электр беріліс желісі арқылы электр энергиясымен қоректенеді. учаскесінің ауданы 108 738 кв.м құрайды. Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезеңіндегі электр энергиясын сенімді пайдалану, шығарылатын өнімнің жоғарғы деңгейдегі сапасын ұстап тұру үшін базада екі ауысымды жұмыс кестесі қарастырылуда.

6.4 Кәсіпорынның шығаратын өнімдері және оның сипаттамасы

Инвестиция кезеңінде кәсіпорынның тапсырмасы осы заманғы сыртқы электр жабдықтауының сұлбесін техника-экономикалық көрсеткіштерге сәйкес етіп, сенімді пайдалану және қатарға енгізуді жүзеге асыруға болады.

Электрмен қамтамасыз етудің белгіленіп қойылатын схемасын таңдауды жүргізуден кейін қол жеткізетін мақсаттар:

1. Қазақстан халқының тұтынушылығын сапалы және арзан құрылыс материалдарымен қанағаттандыру;
2. Тікелей базада әртүрлі мамандар үшін жұмыс орнының көбейюіне байланысты халықты жұмыспен қамтудың ұлғайюы;
3. Отандық өндірушінің техникалық және өндірістік әлеуетін бекіту.

Осы кәсіпорын бетон және темірбетон өнімдерін шығаратын ең ірі өндірушілердің бірі болады деп шамалануда.

Зауыт төмендегідей тауарлар қызметтерді ұсынады:

1. Құрылыс жұмыстарында кең пайдаланылатын бетон, темірбетон, керамзитобетон сияқты өнімдерді өндіру
2. Жылумен қамтамасыз кезіндегі су канализациясында, өндірісте өндірістік сұйықтықтарды тасымалдауда пайдаланылатын бетонды, кермзитобетонды трубаларды дайындау.
3. Шағын ағаш өнімінен жасалған материалдарды шығару.
4. Қазақстанның басқа да аймақтарына сапалы өнімдерін жеткізу.

Зауыт тек қана Қазақстан Республикасы бойынша емес, сонымен қатар ТМД елдеріне, дүниежүзі базарларына өзінің өнімдерін экспортқа шығару мүмкіндігі жоспарлануда.

6.5 Өткізу рыногын талдау

База шығаратын барлық тауар өнімдері мемлекеттік стандарттарға және басқа да қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамаларға сай келеді.

Бәсекеге қабілеттіліктің негізгі критеріі болатын, жетілген өнім сапасы сатып алушылардың сұраныстарының өсуіне алып келеді. Базада өз ретінде жоғарғы өнім сапасына себепші болатын, техникалық режимді бақылау бойынша кәсіпорынның стандарттық қатарын енгізу жоспарлануда.

Барлық жұмыстар, жұмыстың орындалуының сапасына әсер ететін, арнайы жабдықтар мен техникаларды пайдалана алатын, жоғарғы білікті мамандармен жүргізіледі. База атқарылатын қызметінің сапасына кепілдеме береді.

Қосалқы бөлшектердің базарда табысты өтімінің шешуші факторларына мыналар жатады:

-базардың талаптарын орындау және біруақытта ұйымның жеңіл өндірісі;

- өнім сапасының жақсаруы;

-өнімнің нәтижелі өтуі көтерме және бөлшек сатып алушыларға, сауда өкілділіктерінің жергілікті және республикалық желі қолданады.

Саналған мақсаттарды шешу үшін, аймақтардағы өнімді таратуды ықшамдау қажет, әрбір өнімнің топтары үшін жарнама жоспарын өңдеу қажет.

Бетонды өнімдерді қажет ететін ауыл-шаруашылық, өндірістік кәсіпорындары, химиялық өндірісімен айналысатын кәсіпорындар, ТОО «Саулет-Құрылыс», ТОО «Семейотделстрой» өнімнің тұтынушылары болып табылады.

Халық Банкынан кредит алу және оны қайтару электрмен қамтамасыз ету схемасын таңдауға кеткен шығындарды үнемдеу есебінен жасалады.

Бетон өнімі үлкен сұранысқа ие болады деп есептелінеді.

6.6 Жарнамалық кампания

Кәсіпорынның жарнамалық қызметі Қазақстанда әр жыл сайын өтетін жәрменкелер мен көрмелерге қатысумен жүзеге асады. Жәрменкеде жаңадан жинақталған ауыл-шаруашылық машиналары және басқада транспорт түрлері үшін көрсетіледі. Сонымен қатар INTERNET беттері жасалған, соның арқасында арнайы техника жинайтын Отандық өндірушілер ғана біле қоймайды, жақын шет елделдердегі өндірушілері де біледі. Сонымен қатар газеттерде, журналдарда алдын ала ескерілген, мамандандырылған журналдарда және теледидарда өнім сапасына сипаттама берген.

6.7 Маркетинг жоспары

Базада барлық атқарылатын жұмыстар мен қызметтердің түрлеріне сай келетін құжаттамалар бар. Бағалау саясатының негізгі бағыты – тұтынушылардың кең ауқымына қызмет көрсетуге және тауарларға қол жеткізудің оңайлығында. База қосымша бөлшектер мен жұмсалатын материалдарды жеткізуші әр түрлі кәсіпорындар және фирмалармен серіктестік қарым-қатынастарын сәтті дамытуда. Арнайы техника үшін отандық жиынтықтардың бағасы шеттен әкелінетіндердің бағасынан төмен болғандықтан, өндіріс пайдасын арнайы техниканың үлкен көмегімен, өндіріс тиімділігінің жоғарылығының, сондай-ақ пайдалынатын шикізаттың бағасының төмендігіне және төмен шығын жүкқұжаттары арқасында сақтауға болады. Электр энергиясын үнемдеу және электрмен қамтамасыз ету схемасындағы электр беріліс желілерінде электр энергиясын жұмсау шығынын азайту. Электр энергиясын есептеу жүйесінің көп жылдық тәжірибесі есептеу процесінің дұрыс ұйымдастырылуы және қондырғылардағы электрдің жұмсалуды бақылау салдарынан электр энергиясын жұмсау көлемі 10-15 % төмендегенін көрсетті.

6.8 Инвестицияны бағалау

Жоғарыда белгіленгендей, өндірістік базаның сыртқы электр жабдықтау сұлбесін таңдау үшін берілген бизнес-жоспардың мақсаты жатады.

Экономикалық есептеудің мақсаты – бұл анықтау сұлбаның үйлесімді нұсқасы, электр желілерінің параметрі және олардың элементтері.

Электр жабдықтау сұлбесін таңдау екі нұсқаны салыстырумен жүзеге асады. Экономикалық көзқараспен нұсқаларды салыстырғанда, бірінші кезекте мақсатқа сәйкес құрылыс үшін, ең бастысы инвестиция көлемін жөніндегі сұрақты шешу керек, жобаның пайдасының есебін жасау, тап осы жоба енгізуге арналған инвестиция есесі қайтару мезгіл есебін жүзеге асыру.

База жылу электр орталығының 10 кВ генератор шинасынан қорек алады.

Кәсіпорынның сыртқы электр жабдықтауының орынды сұлбесін анықтау үшін екі нұсқаны қарастыруды қабылдаймыз.

1. Қосалқы станция 110 кВ бойынша

2. ЭБЖ 10 кВ бойынша

Қабылданған нұсқалар үшін инвестиция есебін жасаймыз.

Екі нұсқалар үшін жабдықтарды таңдау 3-ші бөлімде туындалған

6.9 Қаржы жоспары

Келтірілген есептерден, жобаның жүзеге асуы үшін, мынандай көлемде инвестиция қажет:

I-нұсқа -27, 70 млн.тг.

II-нұсқа –8,22 млн.тг.

Экономикалық және техникалық көзқарас жағынан II нұсқа пайдалы, сонымен осы нұсқаны есептейміз.

Базаны электрмен жабдықтауының техникалық бөлімін есептегенде, кәсіпорын желілері тұтынатын активті қуаттылық белгілі $P_p=5\ 150,31\text{кВт}$;

Екінші нұсқа бойынша жалпы инвестиция электр жабдықтау мынаған тең – 8,22 млн.тг.

Жобаның орнын толтыру үшін ,жыл сайын ақша түсіп тұру қажет.

Олар келесі құрылымнан қаланады:

1.Жобаның бір бөлімі ,базаның электр жабдықтаудың сыртқы сұлбесінің құрылысы, мүлікті ақшаға айналдырғанда жалпы түскен пайдадан қайтарылады.

2.Қарыздың жарты бөлігі Семей ЖЭО-ын қосқан кезде электр энергиясын үнемдегеннен ақшаның түсуінің нәтижесінде қайтарылады.

6.10 Инвестицияны бағалау

Дипломдық жобаның негізгі бөлімінде, көрсетілгендей құрылысты салу үшін кететін инвестициялық шығын. Жобаның капиталды салымына бірнеше құрамдар кіреді: құралдың бағасы, өңдеу жұмыстары және транспортты қызметтер.Бұдан басқа ғимарат құрылыстары да ескеріледі, ішкі орындар мен т.б. Капиталды салымның ортақ суммасы (ΣK) мына формуламен есептеледі :

$$\Sigma K = K_{\text{конд}} + K_{\text{құрылыс}} + K_{\text{м}} + K_{\text{басқа жұм}}, \quad (6.1)$$

мұндағы $K_{\text{конд}}$ –қондырғыларды қолданғанғандағы капиталды салымы (3 бөлім 31 бет) , 15% бастап ΣK ;

$K_{\text{құр}}$ –құрылыстық жұмыстардың капиталды салымы , 6 % бастап ΣK ;

$K_{\text{м}}$ – монтажды және іске асу жұмыстарының капиталды салымы , 76% бастап ΣK ;

$K_{\text{басқа жұм}}$ – басқа да шығындардың капиталды салымы, 3% бастап ΣK .

$K_{\text{конд}}= 26,78$ млн.тенге;

$K_{\text{құр}}= 3,03$ млн.тенге;

$K_{\text{м}}= 38,40$ млн.тенге;

$K_{\text{басқа}}=1,52$ млн.тенге;

$\Sigma K = 27,78+38,40+3,03+15,2=70,73$ млн. тенге.

Электрэнергияның өзіндік құны:

$$S = \frac{\Sigma I}{\Xi} \quad (6.2)$$

мұнда, ΣI - толық ұстанымдар;
 \mathcal{E} – шығарылған электроэнергияның көлемі.

$$\Sigma I = I_{\text{амарт}} + I_{\text{баска}} \quad (6.3)$$

Мұнда $I_{\text{амарт}}$ – бір жылдағы амортизациялық ұстанымдар (толық шығынның 56% құрайды)

$I_{\text{баска}}$ – басқа ұстанымдар (толық шығынның 44% құрайды).

Оларға мыналар жатады:

1. Кадрларды дайындау – бұл жарғыда компания жұмысшыларының квалификациясын жоғарылату үшін жіберілген мекемелермен отырылған келісімшарт суммасы қарастырылады.

2. Экология шығындары – бұл жарғыда атмосфераға тастауға зиянды қалдықтарды ГСМ компаниясының көлігін пайдалануға, қоршаған ортаға қатты-тұрмыстық қалдықтарды тастауға, т.б. шығындар жатады.

3. Байланыс қызметі – жарғы құрамына телефон үшін абоненттік төлем, қалааралық, халықаралық байлыңс төлемі және жоғары жиілікті байланыс шығындары жатады және т.б

Кәсіпорын шығындарына кіргізілетін амортизациялық аударылымдардың сомасы әртүрлі әдістермен анықталуы мүмкін. Егер жаңадан өндірілген өнімнің құнына біртекті берілетін негізгі қорлардың құнына тең болу шартынан шығатын болсақ, онда төмендегідей анықтауға болады

$$I_{\text{амп}} = K \cdot \frac{h_0}{100} \quad (6.4)$$

мұндағы, $Z_{\text{амп}}$ – амортизациялық аударылымдар сомасы;

$K_{\text{нк}}$ – негізгі қорлар құны;

h_0 – амортизациялық аударылымдар нормасы, (8% деп аламыз).

$$I_{\text{амп}} = 70,73 \cdot \frac{8}{100} = 5,77 \text{ млн. тенге}$$

$$I_{\text{баска}} = \frac{5,77 \cdot 0,44}{0,56} = 4,45 \text{ млн. тенге}$$

$$\Sigma I = 5,77 + 4,45 = 10,11 \text{ млн.тенге}$$

Жылына шығарылған электроэнергияның көлемі:

$$\mathcal{E}_{\text{год}} = P_p \cdot T_{\text{max}} = 5 \cdot 150,31 \cdot 2500 = 12,88 \text{ млн.кВт} \cdot \text{сағ}$$

Өзіндік құны:

$$S = \frac{10,11}{12,88} = 0,78 \text{ тенге/кВт}\cdot\text{сағ}$$

6.11 Таза пайданы есептеу

Аймақтық энерготораптық компаниясының тарифінің құрамын есептейміз. Ол келесі бөліктерден тұрады:

Электрэнергия құны.

$T=14,38$ тенге/кВт·сағ– Семей қаласындағы электрэнергия тарифі;

$T_{ЭПО}=5,5$ тенге/кВт·сағ– энергия өндіретін өнеркәсіпте орнатылған электрэнергия тарифі;

$T_{KEGOC}=1,685$ тенге/кВт·сағ – АО «КЕГОС» электрэнергия таратудағы тарифі;

$T_{РЭК}=3,7$ тенге/кВт·сағ – ЭТК тарату тарифі.

Жіберілетін электрэнергия көлемінен табыс:

$$V_{\text{нақты}} = \sum T \quad (6.5)$$

$$V_{\text{нақты}} = 12,88 \cdot 14,38 = 185,21 \text{ млн. тенге}$$

Жобалау бойынша завод келесі салымдарды жүзеге асырады:
Энергоөндіруші өнеркәсіпке төленетін салымдар:

$$V_{ЭПО} = 12,88 \cdot 5,5 = 70,84 \text{ млн. тенге}$$

КЕГОС-қа төленетін салымдар:

$$V_{KEGOC} = 12,88 \cdot 1,685 = 21,70 \text{ млн. тенге}$$

ЭТК-ға төленетін салымдар:

$$V_{РЭК} = 12,88 \cdot 3,7 = 47,66 \text{ млн. тенге}$$

Жобалау бойынша қалатын пайда:

$$П = 185,21 - 70,84 - 21,70 - 47,66 = 45,01 \text{ млн. Тенге}$$

Таза пайда налогпен бірге (салық 20% құрайды):

$$ЧП = 0,8 \cdot 45,01 = 36,01 \text{ млн. тенге}$$

Таза пайданың 50%-ы инвестициялыяның жабылуына кетеді.

$$ЧП_{инв} = 0,5 \cdot 36,01 = 18,01$$

Алда жобаның негізгі көрсеткіштерін есептеуге арналған формулалар.

$$CF = ЧП_{инв} + I_{амарт} \quad (6.6)$$

$$CF = 18,01 + 5,77 = 23,78 \text{ млн. тенге}$$

$$PP = \frac{K_{\Sigma}}{Ч_{пр}} = \frac{70,73}{23,78} = 3 \text{ жыл.}$$

6.12 Инвестициялардың қаржы-экономикалық тиімділік көрсеткіштері

Таза келтірілген табыс көрсеткіші (Net Present Value, NPV) капиталдық салымдар шамасын (Invested Capital, IC) келтіруге мүмкіндік береді. Болжау периодында олар шығаратын таза ақшалай түсімдердің жалпы сомасымен, және болашақта шығаратын инвестициялық жобадан уақытылы эффект шамасын сипаттайды. Ақшаның келуі уақытта таралған болғандықтан, ол r коэффициентінің көмегімен дисконтталады. R коэффициенті ереже бойынша инвестицияланған капитал бағасынан шығып орнатылады.

NPV немесе жобаның таза келтірілген құны зор белгі болып табылады. Ол арқылы берілген жобаны инвестициялау дұрыстығы (үнемділігі) ортаға салынады. NPV анықтау үшін жобаның әр жылында қаржылық ағындар шамасын болжау қажет, ал содан соң оларды уақыт бойынша салыстыру үшін ортақ бөлімге келтіру керек. Таза келтірілген құн келесі формуламен анықталады:

$$NPV = \sum_{n=1}^n \frac{CF_n}{1 + r)^n} - I_0, \quad (6.7)$$

Мұнда I_0 – берілген жобаға инвестициялар, млн. тг.,

CF_t – барлық ағыны, млн. тг.,

r – дисконттау ставкасы,

t – жоба шығару уақыты, жыл.

Жобаланған құрылысты соғу үшін «HALYK BANK»-тан 15%-дық несиеламыз, дисконттауды ескере отырып қаражатты қайтаруды анықтаймыз;

CF уақыт бойынша өзгермейді, есептеу келесі таблицаға енгізіледі.

6.1 кесте – NPV есептеулер

Жыл	CF, млн.тг	R=15%	PV, млн.тг	NPV, млн.тг
0	-70,73	0,15	-70,73	-70,73

1	23,78	0,15	20,68	-50,05
2	23,78	0,15	17,98	-32,07
3	23,78	0,15	15,64	-16,43
4	23,78	0,15	13,60	-2,84
5	23,78	0,15	11,82	8,98

Есептеу NPV бірінші оң мәніне дейін жүргізіледі, яғни 5-жылға дейін. NPV нөлден жоғары, сәйкесінше, дисконттаудың берілген ставкасы кезінде жоба өнеркәсіп үшін тиімді (үнемді), себебі олар шығаратын cash-flow қазіргі уақыт моментінде табыстық нормадан шығып тұр.

Есептеулер нәтижесінде ақталу мерзімі 4 жыл шамасында.

Инвестициялық жоба табысының ішкі нормасы – IRR

IRR - ерекшеліктері:

- ақша айналымына тәуелді емес;
- Сызықты емес форма түрі;
- кемімелі функция түрін көрсетеді;
- адедивті мәндеріне ие емес;

Инвестициялық жоба табысының ішкі нормасы (Internal Rate of Return, IRR) деп жобаның NPV нөлге тең кездегі дисконттау коэффициентінің мәнін r түсінеміз:

$$IRR = r \text{ болғанда } NPV = 0,$$

IRR белгісінің экономикалық мәні келесіде: IRR жоба бойынша шығындардың максималды салыстырмалы деңгейін, сонымен қатар кәсіпорын рентабельділік деңгейі капитал бағасы көрсеткішінің мәнінен төмен емес кез-келген инвестициялық жобалар шығара алады.

$r = 15\%$ көмегімен IRR анықтаймыз:

Орнын толтыру (PP) есебінің алгоритмі инвестициядан жекеленген кірісті бірдей таратумен тәуелді болады. Егер кіріс бірдей таратылса, онда төлеу мерзімі бір уақыттағы шығынды жылдық кіріс шамасына болумен есептеледі.

Пайданың ішкі нормасы мына формуламен анықталады.

$$IRR = 1 - \sqrt[n]{\frac{CF}{I_c}} \quad (6.8)$$

$$IRR = 1 - 4 \sqrt[4]{\frac{23,78}{26,78}} = 0,03\%$$

Жоғарыдағы есептеулер бойынша ақталу мерзімі дисконттаумен 3 жыл. «NALYK BANK» несиесі түскен таза пайда есебінен 4 жылда қайтарылады. Сондықтан, өндірістік базаның сыртқы электрмен жабдықтау сұлбасын салу экономикалық тиімді жоба болып табылады.

7. Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі бөлімі

7.1 Электр қауіпсіздігі бойынша нөлдеуге есептеу жүргізу

Нөлдеу кернеуі 1000 В дейінгі бейтарабы терең жерге қосылған төрт сымды үш фазалы тораптарда қолданылады. Нөлдеу дегеніміз - кернеу астында қалуы мүмкін болған электр қондырғысының металды бөліктерін қорғаныстық нөлдік сыммен қосу.

Нөлдеу бір фазалы қысқа тұйықталуда токтың корпусқа өтіп кетуінің алдын алып, қорғанысты іске қосып және қоректену торабынан электр қондырғысын өте аз уақыт ішінде жылдам ажырату үшін қажет.

Нөлдеудің мақсаты – корпусқа тұйықталғанда жанасу кернеуін азайту және адам арқылы өтетін токтың уақытын шектеу арқылы электр тогының зақымдауынан қорғауды қамтамасыз ету.

Нөлдеу схемасындағы нөлдік қорғаныс сымның жұмысы бір фазалы қысқа тұйықталу тогының мәнін кіші кедергідегі тізбекті құру арқылы азайтып, қондырғыны ажыратуды қамтамасыз ету болып табылады.

Нөлдеудің сенімділігі негізінен нөлдік қорғаныс сымның сенімділігімен анықталады. Осыған байланысты нөлдік қорғаныс сымның үзілуін шектеу мақсатында оны мұқият түрде жүргізу керек. Сонымен қатар, нөлдік қорғаныс сымна ажыратқыштарды, сақтандырғыштарды және басқа да аспаптарды жалғауға тыйым салынады, өйткені олар оның бүтіндігін бұзуы мүмкін.

Нөлдеуді есептеу зақымдалған қондырғыны тез ажырату және апатты мерзімде нөлденген металды корпусқа адамның жанасуын қауіпсіз ету үшін жүргізіледі.

Нөлдеуді есептеу келесі тәртіпте жүргізіледі:

- а) тораптың және электр қабылдағыштың бастапқы мәндері беріледі;
- б) бір фазалы қысқа тұйықталудағы қосалқы станциядан электр қабылдағышқа дейінгі тораптың орынбасу схемасы құрастырылады;
- в) жүктеме токтары және қорғаныс аппараттарының номиналды токтары анықталады;
- г) тізбектегі нөлдік, фазалық сымдарының және тізбек элементтерінің активті және индуктивті кедергілері анықталады;
- д) барлық тізбектің толық кедергісі анықталады;

- е) бір фазалық тұйықталу тогы анықталады;
- ж) қорғаныс аппаратының номиналды тогына байланысты бір фазалы қысқа тұйықталу тогының еселігі анықталады;

Нөлдеуді жоспарлау кезінде ЭҚОЕ (ПУЭ) талаптарының орындалуы қажет.

Ағаш өңдеу цехында орналасқан АИР160S типті электрқозғалтқыш арқылы айналатын желдеткішке электр қауіпсіздігі бойынша нөлдеуге есептеу жүргізу.

Есептеу кезінде трансформаторлардың және тораптың барлық бөліміндегі активті және индуктивті кедергілері анықталады. Түйіннің кедергісін анықтау барысында қосымша қателікті болдырмау үшін бөлімшелер бойынша және түйін бойынша да толық кедергілер анықталады.

Өткізгіштің меншікті кедергісі ρ мыс сым үшін $0,018 \text{ Ом} \cdot \text{мм}^2/\text{м}$, ал алюминий сым үшін $0,028 \text{ Ом} \cdot \text{мм}^2/\text{м}$ тең деп алынады.

Бастапқы деректер:

1) Қосалқы станциядан қоректенетін трансформатордың қуаты $630 \text{ кВ}\cdot\text{А}$, орамдарының жалғануы – «үшбұрыш-жұлдызша».

2) Қосалқы станциядан цехтың кірісіне дейінгі кабель 4 тармақты, оның ұзындығы $l = 90 \text{ м}$, қимасы АВВГ $(3 \times 35) + (1 \times 25)$.

3) Қозғалтқыштың негізгі техникалық сипаттамасы:

АИР160S,;

$N = 11 \text{ кВт}$;

$\eta = 87\%$;

$\cos\varphi = 0,75$;

$I_{\text{жіб}} / I_{\text{ном}} = 6,5$.

4) Электр қозғалтқышқа ажыратқыш түрін таңдау үшін оның ұзақтық тогын тауып алуымыз керек

$$I_{\text{үз}} = \frac{P_{\text{н}}}{\sqrt{3} \cdot U_{\text{н}}} \quad (7.1)$$

$$I_{\text{үз}} = \frac{11}{\sqrt{3} \cdot 0,22} = 28,95 \text{ А}$$

$$I_{\text{ном аж}} \geq I_{\text{үз}} \quad 100 \geq 28,95 \text{ А}$$

$$I_{\text{ном аж}} \geq I_{\text{үз}} \quad 31,5 \geq 28,95 \text{ А}$$

$$I_{\text{ном аж}} \geq 1,25 \cdot I_{\text{үз}} \quad 100 \geq 36,18 \text{ А}$$

Электр қозғалтқыш ВА-57-31 типті ажыратқышпен қорғалады.

5) Электрқозғалтқышқа ұзақтық тогы бойынша сым таңдаймыз

$$K_{\text{п}}=1; I_{\text{корғ}}=I_{\text{аж расц жүм}}; K_{\text{з}}=1$$

$$I_{рұқ. ет.} \geq \frac{I_{у3}}{K_{п}} \quad 35 \geq 28,95 \text{ A}$$

$$I_{рұқ. ет.} \geq \frac{I_{корг} \cdot K_3}{K_{п}} \quad 35 \geq 31,5 \text{ A}$$

Қалқаннан қозғалтқышқа дейінгі арақашық $l = 30$ м, таңдалған алюминийлі сым қимасы АПВ (3x4)+(1x2,5)

1) Қозғалтқыштың қуатын P біле отырып, оның тоғын $I_{нэл.қоз.}$ анықтаймыз:

$$P = \sqrt{3} \cdot U_{н} \cdot I_{нэл.қоз} \cdot \cos\varphi / 1000 \quad (7.2)$$


$$I_{нэл.қоз} = 1000 \cdot P / \sqrt{3} \cdot U_{н} \cdot \cos\varphi \quad (7.3)$$

мұндағы P - қозғалтқыштың номиналды қуаты, кВт;

$U_{н}$ - номиналды кернеуі, В;

$\cos\varphi = 0,75$ - қуат коэффициенті, ол тоқтың қандай бөлігі активті қуатты алуға және қандай бөлігі магниттелуге кететінін көрсетеді.

$$I_{нэл.қоз} = 1000 \cdot 11 / \sqrt{3} \cdot 220 \cdot 0,75 = 26 \text{ A}$$



1 сурет- орын басу сұлбасы

Есептің шешімі мына теңдіктің орындалу шартын тексеруге негізделген $I_{кз\text{ нақты}} \geq k \cdot I_{ном}$. Бұл үшін алдымен қорғаныстың жұмыс істеу шарты бойынша ең кіші рұқсат етілетін $I_{кз} = k \cdot I_{ном}$ мәнін анықтаймыз. Одан әрі фаза нөл түйіні арқылы өтетеін нақты қысқа тұйықталу мәнін тауып екеуін салыстырамыз.

$$I_{кз\text{ нақты}} = \frac{U_{\phi}}{Z_{м/3} + Z_{п}} \quad (7.4)$$

мұнда, $Z_{п}$ – фаза-нөл түйініндегі толық кедергі

$$Z_{п} = \sqrt{(R_{\phi} + R_{п})^2 + (X_{\phi} + X_{п})^2}$$

$Z_{т}$ –мәні трансформатордың қуатына, кернеуге, олардың орамдарының жалғануына және трансформатордың конструктивтік

орындалуына байланысты болады. Нөлдеуді есептеген кезде Z_T мәні кестеден алынады. Біздің жағдайда $Z_T = 0,042$ Ом.

2. Ең кіші рұқсат етілген қысқа тұйықталу тогының мәнін анықтаймыз:

$$\begin{aligned} I_{кз} &= 3 \cdot I_{ном} \\ I_{кз} &= 3 \cdot 26 = 78 \text{ А.} \end{aligned} \quad (7.5)$$

3. Фазалық және нөлдік қорғаныс сымның кедергілерін табамыз

$$\begin{aligned} R &= \rho l/S \\ R_{\phi 1} &= 0,028 \cdot 90/35 = 0,072 \text{ Ом,} \\ R_{\phi 2} &= 0,028 \cdot 30/4 = 0,21 \text{ Ом,} \\ R_{\phi \Sigma} &= 0,072 + 0,21 = 0,282 \text{ Ом,} \\ R_{н1} &= 0,028 \cdot 90/25 = 0,1 \text{ Ом,} \\ R_{н2} &= 0,028 \cdot 30/2,5 = 0,34 \text{ Ом,} \\ R_{н\Sigma} &= 0,1 + 0,34 = 0,44 \text{ Ом.} \end{aligned} \quad (7.6)$$

4. Мыс және алюминийден жасалған сымдар үшін нөлдік X_n және фазалық X_ϕ сымдардың ішкі индуктивті кедергілерінің мәні үлкен емес, яғни ол, $0,0156$ Ом/км тең.

$$\begin{aligned} X_\phi &= 0,0156 \cdot 0,12 = 0,0018 \text{ Ом,} \\ X_n &= 0,0156 \cdot 0,12 = 0,0018 \text{ Ом} \end{aligned}$$

5. Тәжірибелік есептерде фаза-нөл түйініндегі сыртқы индуктивті кедергінің мәні $0,6$ Ом/км-ге тең деп қабылданады.

$$X_n = 0,6 \cdot 0,12 = 0,072 \text{ Ом.}$$

6. Нөлдік сымдағы ток тығыздығын δ есептейміз. Алюминийден жасалған сымдар үшін рұқсат етілетін ток тығыздығы $4 - 8$ А/мм² аспауы қажет.

$$\begin{aligned} \delta &= I_{ном \text{ эл.коз.}} / S \\ \delta &= 26/16 = 1,6 \text{ А/мм}^2. \end{aligned} \quad (7.7)$$

7. Фаза - нөл түйініндегі Z_n кедергісін анықтаймыз.

$$Z_n = \sqrt{(0,282 + 0,44)^2 + (0,0018 + 0,0018 + 0,072)^2} = 0,73$$

8. Фаза- нөл түйіні арқылы өтетеін нақты қысқа тұйықталу мәні

$$I_{\text{кз нақты}} = \frac{220}{0,042/3 + 0,73} = 297 \text{ A}$$

Осыдан шығатын қорытынды бір фазалы қысқа тұйықталу тогының нақты мәні (297 А) қорғаныстың жұмыс істеу шарты бойынша ең кіші рұқсат етілген қысқа тұйықталу мәнінен (78 А) үлкен болғандықтан, нөлдік қорғаныс сымы дұрыс таңдалған, яғни нөлдеу жүйесінің ажыратқыш қабілеті қамтамасыздандырылған.

7.2 Өрт қауіпсіздігі. Күштік кабельдерді жүргізуде өртке қарсы қойылатын талаптар.

Өрт үлкен материалдық шығын және кейбір жағдайларда адам өліміне де әкеледі. Сондықтан өрттен қорғау қоғамның әрбір мүшесінің маңызды міндеттерінің бірі болып саналады.

Өрт дегеніміз – бұл адамның өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекетке зиянын тигізетін, қоршаған ортаға үлкен материалдық зақым келтіретін, қоршаған ортадағы заттардың бақылаусыз жануы.

Өрт қауіпсіздігі – бұл өрт болу мүмкіндігін болдырмау және оның пайда болған кезінде адамдарға, құрылыс және материалдық құндылықтарға өрттің қауіпті факторларының жағымсыз әсерлерін жою үшін қажетті шараларды қолдану болып саналады.

Өндірістік база құрамына кіретін цехтарда, қоймаларда, корпустарда және басқа да қосымша бөлмелердің барлығында өрттің пайда болу қаупі бар. Соның ішінде базадағы автокөліктерге арналған автотұрақтың өрт қауіпсіздігі категориясын қарастыралық.

Бастапқы берілгендер:

1. Автотұрақтың көлемі 36,8x93,8 м, ал биіктігі 4 м;
2. Автомашиналардың маркасы және сонымен қоса оларда қолданылатын жанармай түрі белгісіз болғандықтан, есептеуді алдымен өрт қауіптілігі жоғары зиянды А категориясынан бастаймыз. Сол себепті жанармай маркасы ретінде пропанды қабылдаймыз.
3. Көп жағдайда жеңіл автокөліктерде көлемі 50 л болатын газ баллондар орналастырылады. Ал қауіпсіздік талаптары бойынша газ баллондарды 80% артық толтыруға болмайтындықтан, есептік көлем ретінде 40 л аламыз.
4. Сонымен қоса есептеуде автокөліктің жанармай жүйесінен шығарылатын барлық газ массасы автокөлік тұрағының бөлмесіне таралады деп саналады.
5. Бөлменің бос көлемі бөлменің толық аумағының 80% құрайды

Есептеу бөлімі:

Бөлмеге шығарылатын газдың толық массасы мына формуламен анықталады.

$$m = \rho \cdot V \quad (7.8)$$

мұнда, $\rho = 510 \text{ кг/м}^3$ (пропанның сұйық фазасының тығыздығы)

$$m = 510 \cdot 0,04 = 20,4 \text{ кг}$$

Бөлменің бос көлемі

$$V_{\text{бос}} = 0,8 \cdot 36,8 \cdot 93,8 \cdot 4 = 11045,9 \text{ м}^3$$

Есептік температурадағы пропан буының тығыздығы.

$$\rho_{\text{п}} = \frac{M}{V_0(1 + 0,00367 \cdot t)} \quad (7.9)$$

мұнда, M - пропанның молекулалық массасы

V_0 - пропанның молярлық көлемі

$$\rho_{\text{п}} = \frac{44}{22,413 \cdot (1 + 0,00367 \cdot 25)} = 1,798 \text{ кг/м}^3$$

Автотұрақ бөлмесіндегі пропанның орташа концентрация мөлшері мына формуламен өрнектеледі.

$$C_{\text{орт}} = \frac{100 \cdot m}{\rho_{\text{п}} \cdot V_{\text{бос}}} \quad (7.10)$$

$$C_{\text{орт}} = \frac{100 \cdot 20,4}{1,798 \cdot 11045,9} = 0,103\%$$

Пропанның концентрация мөлшері таралу шегінің төменгі концентрациясының жартысынан аз болғандықтан (пропанның ауада таралу шегінің концентрациясы 2,3% тең) бөлменің өрт категориясын анықтау жөніндегі ережелердің Д қосымшасын қолданамыз. Д қосымшасы өрт кезіндегі жанғыштық қасиеттің болу коэффициентін анықтауға арналған. Бірақ біз бұл жағдайда жанғыштық қасиеттің коэффициентін максималды болғанда, яғни 0,5 кезінде, өрттің артық қысымы шектік мәннен асу ықтималдылығын есептейміз.

$$\Delta P = (P_{\text{max}} - P_0) \cdot \frac{m \cdot Z}{\rho_{\text{п}} \cdot V_{\text{бос}}} \cdot \frac{100}{C_{\text{ст}} \cdot K_{\text{н}}} \quad (7.11)$$

P_{\max} -пропанның 50л көлемдегі максималды қысымы

P_0 -атмосфералық қысым

$C_{\text{ст}}$ -пропанның стехиометриялық концентрациясы

$$\Delta P = (843 - 101) \cdot \frac{20,4 \cdot 0,5}{11045,9 \cdot 1,798} \cdot \frac{100}{3,97 \cdot 3} = 3,19 \text{кПа}$$

Осыдан шығатын қорытынды өрттің артық қысымы 5 кПа аспайтын болғандықтан автотұрақ бөлмесі өрт қауіпсіздігі бойынша А категориясына, нақтырақ айтқанда қауіпті категорияға жатпайды. Бұл шарт газ баллондар көлемі 50 л аспаған жағдайда орындалады.

Күштік кабельдерді жүргізуде өртке қарсы қойылатын талаптар.

Электрмен жабдықтау объектілерін жобалаудағы маңызды талап болып электрқондырғыларды, кабельдерді, және қосымша бөлмелерді өрттен, әрі жарылыстан қорғау бойынша сәйкестендірілген шараларды қабылдау болып табылады.

Кабельдік желілердің зақымдалуы түрлі апаттарға әкеліп соғып, эксплуатация жүгізуші қызметкерді электр энергиясын сенімді, жоғары сапалы, үнемді жеткізудегі жұмыстарынан айырып, олардың күш жігерлерін үлкен көлемді және апаттан кейінгі қалпына келтіру жұмыстарын жасауларына мәжбір етеді. Тәжірибе көрсеткендей көп жағдайда кабельдік желілердің апатты өшуіне жол жөндеу жұмыстарын жүргізгенде кабельдерге түсірілетін механикалық бүлінулер, кабельдерді жобалау мен төсеу кезіндегі жіберетін ақаулар себеп болады. Орнатылған электрлі күштік кабельдік желілердің эксплуатация жағдайында жоғары сапалылығын, төзімділіген қамтамасыз ету үшін электр қондырғыларының құрылғылары ережесінде қарастырылған барлық қатал талаптарды сақтау қажет.

Тәжірибе тағы да күштік кабельдерді туннельдерде, каналдарда, траншеяда төсеу аз сенімді екенін көрсетті. Сондықтан да электр энергиясын тасымалдау мәселелерін шешу және жобалау жұмыстары күштік кабельдерді жер үстінде эскадаларда, галереяларда төсеуді дамытуға бағытталуы қажет.

Ереже бойынша кабельдік құрылымдарды бір қабатты етіп жобалау керек. Кабельдік қабаттар мен құрылымдар көлемі 3000 м^2 , ұзындығы (немесе ені) 150 м^2 аспайтын бөліктерге бөлінуі қажет. Бөліктер арасына өтке қарсылылық төзімділігі 0,75 сағат, ал есігінікі -0,6 сағаттан кем емес қалқандар орналастырылады. Кабельдер бөгеттерден және ішкі қабырғалардан өтуі құбырлар немесе ойықтар арқылы жүзеге асырылады. Кабельдерді төсеген соң құбырлар мен ойықтардағы саңылаулар жеңіл тесілетін өртке қарсы төзімділігі 0,75 сғаттан кем емес материалмен жабылуы тиіс.

Бір- бірімен бірегей қатынаста болатын жауапкершілігі мол кабельдерді (күштік, оперативті тоқты, басқару, дабыл беру,өрт сөндіру жүйесінің) бір трассада орналасқан кабельдерде өрт болған жағдайда олардың көрші

трассадағы кабельдер қатарына зиянын келмейтіндей етіп төсеу қажет. Бұл трассалар арасы (жарықта) көлденең төсеуде 1 м, тігінен төсеуде 1,5 м төмен болмауы тиіс.

Кабельдік құрылымдарда бір-бірімен бірегей қатынаста болатын күштік кабельдерді төсеу өрт қауіпсіздігі тұрғысынан трассалар арасы оқшауланып тұратындай етіп, құрылымның әр түрлі жағынан жүргізілуі қажет.

Электрлік станцияларда, қосалқы станцияларда, тарату құрылғыларындағы кабельдік желілерге қойылатын арнайы талаптар.

Электрлік жалғанудың бас сұлбасы, өзіндік мұқтаждық сұлбасы, оперативті токтар сұлбасы, электр станцияларының және қосалқы станциялардың кабельдік құрылымдары кабельдік құрылымдарда немесе одан тыс өрт туған жағдайда электр станциясының бір блогынан артық емес, бір бірімен бірегей қатынастағы тарату құрылғылары мен қосалқы станциялар, өртті өшіретін құрылғылар жұмысын шектемейтін етіп орындалуы керек. Электрлік станцияның негізгі кабельдік ағындарына технологиялық қондырғылардан оқшауланған және бөтен адамдардың кіруіне болмайтын кабельдік құрылғылар (этаждар, туннельдер, шахталар т.б) қарастырылуы қажет.

Электрстанцияларда кабельдік ағындарды орналастырғанда кабельдік трассалар мына жағдайларды ескере отырып таңдалады:

Кабельдерді ысып тұрған технологиялық қондырғылардың әсерінен қызып кетуін шектеу;

7.3 Базадағы зиянды және қауіпті заттарға талдау жасау

Адамға оның еңбек қызметі кезінде түрлі қауіпті (жарақат, зақым алып келетін) және зиянды (ауру алып келетін) факторлар әсер етуі мүмкін. Зиянды және қауіпті факторлар төрт топқа бөлінеді: физикалық, химиялық, биологиялық, психофизиологиялық.

Қауіпті факторлар деп, белгілі бір атмосфера жағдайында тірі ағзаның денсаулығына қатты өзгеріс туғызып, тіпті өліміне дейін әкеліп соғатын факторларды атайды. Ал зиянды факторлар деп тірі ағзаның еңбек қабілетіне кері әсер ететін, кәсіптік аурулар алып келетін, басқа да жағымсыз жағдайларға әкелетін факторларды атайды. Денсаулыққа зиянды физикалық факторларға еңбек зонасы ауасының тым жоғары немесе төмен төмен температурасы, ауаның ылғалдылығы мен жылдамдығының жоғарлығы, шу деңгейінің, дiрiлдiң, ультрадыбыстың және басқа да сәуле шығару түрлерінің жоғарлығы жатады.

Адам ағзасына аса қауіпті өндірістік факторлардың бірі дiрiл болып саналады. Дiрiл деп қатты денелердiң тербелiсiн атайды. Бүкiл ағза арқылы өтетiн дiрiлдiң өндiрiстiк әсерi қарастырылып отырған бетонды және темiрбетонды өнiмдердi өндiру жөнiндегi өндiрiстiк базада байқалады.

Діріл адам ағзасына жоғарғы деңгейдегі қауіпті тудыратын өндірістік факторлардың бірі болып табылады. Діріл деп біз қатты денелердің тербелісін айтамыз. Бүкіл дене арқылы өтетін дірілдің өндірістік әсері қарастырылып отырған бетондық және темірбетондық өнімдерді шығаратын өндірістік базада кездеседі.

Қазіргі заманғы бетонды араластырғыш цехтардың және қондырғылардың технологиясының күрделі болуына байланысты қызмет етуші адамнан еңбек қорғау саласынан білімінің терең болуын талап етеді.

Бетонды қоспаларды тығыздау темірбетонды және бетонды өнімдерді дайындау технологиясындағы негізгі операциялардың бірі болып саналады. Бетонды тығыздау кезінде оның қоспа бөлшектердің жанасуы болады да, нәтижесінде ауа көпіршіктері мен артық ылғалдар шыға бастайды. Осы процесс діріл арқылы жүзеге асады. Бұл фактор адамның орталық жүйке жүйесіне, вестебулярлық аспабына, асқазан ішек жолдарына жағымсыз әсер етеді. Дірілдің ағзаға ұзақ уақыт әсер етуі нәтижесінде кәсіптік ауруға алып келеді. Кәсіптік аурудың бұл түрі бас айналумен қатар жүретін діріл ауруы. Сонымен қатар өндірістік базаның өзінің ағаш өңдеу цехы бар мұнда ағаштың қабық астындағы қатты бөлігін өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл цехта келесідей қауіпті және зиянды факторлар болуы мүмкін:

Өндірістік қондырғының қорғалмаған қозғалмалы бөлігі, газ, шаң, шу, діріл мөлшерінің аса жоғары деңгейде болуы, жұмыс зонасындағы ауа құрамындағы ылғалдың және температураның тым жоғары не тым төмен деңгейде болуы, жұмыс орындарының жеткілікті мөлшерде жарықтандырылмауы. Осы көрсетілген қауіпті және зиянды факторлар өндіріс аумағында және жұмыс орындарында шектік рұқсат етілген көрсеткіштен аспаулары тиіс.

Ағаштың қабық астындағы қатты бөлігін өңдеу кезінде механикаланған тәсілмен жою керек болатын түрлі қалдықтар пайда болуы мүмкін. Ағаштың қабық астындағы қатты бөлігін өңдеуде пайдаланылатын шу шығаратын және діріл туғызатын қондырғыларды арнайы шу және діріл оқшаулағыш қалқасы мен қабарғалары бар бөлмелерге орналастырған жөн. Ағаш өңдеу цехында негізгі ластаушы фактордың бірі шаң болып саналады. Ауаға жүктелген шаң аэрозольдарды, ал жиналған шөкпе шаң аэрогельдерді құрайды.

Шаңның адам ағзасына тигізетін зиянды әсері қанша мөлшерде зиянды шаңмен тыныс алғанына, сол тыныс алынған шаңның көлеміне және оның химиялық құрамына байланысты анықталады. Шаң бөлшектерінің көлемі кішірейген сайын оның тыныс алу мүшесіне ену қабілеттілігі жоғарлай түседі.

Ағаштың қабық астындағы қатты бөлігінің улы құрамы бойындағы тері илік шайыр, эфир майы, минералды заттар, майлар сияқты кері әсер етуші заттардың болуымен анықталады. Көрсетілген кері әсер етіші заттардың ағаш құрамында болуы, сол ағаштың өскен ортасына, жасына байланысты болады.

Ағаш өңдеу цехында ағзаның сұйық ортасында жақсы еру қабілеті жоқ тітіргендіргіш шаңдар болады. Олар ағзаға теріні, көзді, құлақты тітіркендіріп,

аллергиялық кертартпалыққа әкеліп әсер етеді. Егерде жұмысшылар шектен тыс ағаш қабығының шаңы көп орталарда жұмыс жасайтын болса, онда олар пневмокониоз, шаңды бронхит сияқты шаңның химиялық және механикалық әсері деп түсіндірілетін түрлі ауруларға ұшырау мүмкін.

Ағаш өңдеу цехынан атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың мөлшерін анықтау. Атмосфераға ағаш қабығының шаңдарын шығаратын көз тозаңтұтқыш ғимараттардың мұржалары болып табылады. Өндірістік базадағы ағаш өңдеу цехында 1 жыл шамасында шығарылатын тозаң мөлшерін анықтау.

Бастапқы берілгендер:

1. Шикізат ретінде жылына шамамен 1500 м^3 көлемінде өңделіп шығарылатын тақтай сияқты кесілген және кесілмеген түріндегі ағаштың қабық астындағы қатты бөлігін аламыз.
2. Тазалағыш құрал ЦН-11 типті- циклон (тозаңтұтқыш ғимаратта)
3. Жұмыс істеу режимі- 237 күн/жыл.
4. Ағаш өңдеу цехының жабдықтары:
5. ВФК- 2 типті фрезер білдегі-1 дана
6. СВА- 2 типті темір тегістейтін білдегі- 10 дана

Есептеу:

Тозаңтұтқыш ғимаратқа түсетін шаңның мөлшері (т/жыл) мына формуламен анықталады:

$$M_{oi} = K_o T q_i k_3 10^{-3} \quad (7.12)$$

мұнда, T -жұмыс уақытының жылдық қоры, сағ/жыл; $T = 237$ күн/жыл=1896 сағ/жыл

K_o —жергілікті сорып алушы құрылғылардың тиімділік коэффициенті ($K_o=0.7...0.9$);

q —бір қондырғыда шаңның пайда болу мөлшерінің меншікті көрсеткіші (кг/ч); ВФК- 2 типті фрезер білдегі үшін — $q_1=2,113$ кг/ч; ал, СВА- 2 типті темір тегістейтін білдегі үшін — $2,028$ кг/ч

k_3 — зиянды заттардың бөлінуінің тұрақсыздық коэффициенті;

$$k_3 = t / T = 0,25 / 1896 = 1,318 \text{ г/жыл}$$

t — зиянды заттардың шығуын есептік тәсілмен немесе технологиялық процесстің уақытын суретке түсіру әдісімен анықталатын технологиялық қондырғының жұмыс істеу уақыты $T=15$ мин

$$M_{o1} = 0,9 * 1896 * 2,113 * (0,25 / 1896) * 10^{-3} = 0,00049 \text{ т/год}; 1 \text{ шт} = 0,0005 \text{ т/жыл}$$

$$M_{02} = 0,9 * 1896 * 2,028 * (0,25/1896) * 10^{-3} = 0,00045 \text{ т/год}, 10 \text{ шт} = 0,00045 \text{ т/жыл}$$

$$\text{Барлығы } M_{01} + M_{02} = 0,0005 + 0,00045 = 0,001 \text{ т/ год}$$

Жеке көзден шығатын i -нші зиянды заттың мөлшері (г/с) мына формуламен анықталады.

$$G_{oi} = K_o q_i k_3 / 3600 \quad (7.13)$$

Зиянды заттардың бөліну процесі жүретін технологиялық қондырғының үздіксіз жұмыс уақыты 20 мин артық болатын болса, онда формуладағы $k_3 = 1$ болады.

$$G_{o1} = 0,9 * 2,113 * 1,318 / 3600 = 0,000069 \text{ г/с } 1 \text{ шт} = 0,000069 \text{ г/с}$$

$$G_{o2} = 0,9 * 2,028 * 1,318 / 3600 = 0,00066 \text{ г/с } 10 \text{ шт} = 0,0066 \text{ г/с}$$

$$\text{Барлығы } G_{o1} + G_{o2} = 0,0067 \text{ г/с}$$

Газ бен шаң тұтқыш қондырғылардың тазалау деңгейін есептелген жылдық мөлшерден артық қабылдамаған жөн.

Ағаш өңдеу цехында өрттің пайда болу себептері:

1. Сымдардың және электрқозғалтқыштардың жөнделмеген қысқа тұйықталу

2. Рұқсат етілмеген жерлерде шылым шегу

3. Жұмыс орнында тұрақты тазалау жұмыстары жүргізілмеу кесілінен қалдықтардың жиналуы (үгінділер, жоңқалар және т.б)

4. Жылытқыштарда немесе электрқондырғыларда ағаштың қабық астындағы қатты бөлігінің қалдықтарының жиналып қалуы

Өндірістік орталардағы қолайсыз факторларға шу жатады. Шу дегеніміз адам организміне механикалық тербелістің әсер етуі, тербелістің жиілігіне, интенсивтілігіне және берілу ортасына байланысты болады. Механикалық цех блогы бар өндірістік базада шу көздері көптеп кездеседі. Насостар, компрессорлар, трубиналар, пневматикалық құралдар, станоктар және тағыда басқа қозғалыстағы құралдар шудың көзі болып табылады. Адам ағзасына олардың әсері ең алдымен жаңа жоғары өнімді құралдарды қолдану кезіндегі әртүрлі станоктар мен агрегаттардың жоғары жылдамдықта жұмыс істеулерімен байланысты.

Шудың әсерінен адам ағзасында ең алдымен есту, жүйке, жүрек тамыр жүйесінің өзгерістері дамиды. Олардың айқындылығы шудың параметрлеріне, шу жағдайындағы жұмыс ету стажына, жұмыс уақытындағы шудың ұзақтығына және ағзаның сезімталдығына байланысты.

Мысалы механикалық цехтар блогындағы машиналардың мойынтіректерінде шу бөлшектердің үйкелісі, соқтығысы нәтижесінде пайда болады. Тербеліс мойынтіректерінде діріл шақыратын ішкі күштерэлементтерді құрастыру мен дайындау кезіндегі рұқсат етілген ауытқулармен шарттасқан. Электрқозғалтқыштардың айналу жиілігі,

жүктемесі, мойынтіректерінің диаметрі артқан сайын шу деңгейіде арта түседі. Мысалы электрқозғалтқыштардың айналу жиілігі екі есеге артатын болса, шу 5-6 дБ ге артады. Тербеліс мойынтіректеріне қарағанда үйкеліс мойынтіректері аз шулы, әрә аз дірілді болып келеді. Тербеліс мойынтірегі мен үйкеліс мойынтірегінің арасындағы шу шығару айырмашылығы бірдей айналу жиілігі мен жүктемеде 10-20 дБ (әсіресе жоғарғы жиілікте) болуы мүмкін. Үйкеліс мойынтірегінде көбінесе шудың шығуына мойынтірек жазықтығы мен вал арасының дұрыс майланбауы себеп болады.

Қорытынды

Дипломдық жұмыс өндірістік базаны электрмен қамдауды жобалауға арналған. Жұмыста келесідей негізгі нәтижелер алынды.

Бұл есептеулер нәтижесі бойынша, және жобаның бастапқы берулері бойынша заводтың 0,4 кВ кернеулі жүктемесі анықталды. $S_p = 5046,51$ кВА. ТМ-6300/10 типті 7 цех трансформаторлары таңдалды. Сонымен қатар 0,4 кВ кернеулі шиналарындағы реактивті қуаттын компенсациясы УКБН-0,38-200-50У3 типті конденсаторлар батареясы көмегімен жасалды.

Жұмыста зауыттың сыртқы электрмен жабдықтауының екі түрлі схемасы қарастырылған. Осылардан экономикалық және техникалық жағынан қарағанда ең орындысы таңдалған, бұл зауыттың қоректендірудің екінші нұсқасы болып келеді, мұнда электр энергиясы ЭБЖ 10 кВ бойынша беріледі. Электрмен жабдықтау жобасының өзін өзі ақтау уақытты 15% қарызды еске ала отырғанда он жылға тең. Қабылданған вариант үшін келесідей жоғарғы вольтты қондырғылар таңдалған: кіріс ажыратқыштар; секциялық ажыратқыштар; жүктемені ажыратқыштар; СК арналған ажыратқыштар, сонымен қатар осыларға арналған күштік кабельдер. Өлшеу құралдары, тоқ және кернеу трансформаторлары таңдалған. БТҚС шиналарын және изоляторларын таңдадық.

Арнайы бөлімде өндірістік базаның ішіндегі механикалық цех шығырын жарықтандыру қондырғыларымен қамтамасыз етіп, ең алыс орналасқан шамдалға кернеу түсуіне байланысты есептеу жүргіздік. Жарықтандыру есептеріне тексеру нүктелік әдіс пен DIALux программасы арқылы орындалды.

Еңбекті қорғау бөлімінде электр қауіпсіздігі бойынша нөлдеуге есептеу жүргізілді. Сонымен қатар өрт қауіпсіздігі бойынша базадағы 50 автомобильге арналған гараждың өрт қауіпсіздігі анықталды және кабельдерді төсеуде өртке қарсы қойылатын талаптар анықталды. Әрі қарай базадағы зиянды және қауіпті заттарға талдау жасалынды. Осыған байланысты, дипломдық жобада зауытының электр жабдықтау жүйесінің толық жобалауы

орындалды, экономикалық тұрғыдан тиімділігі қанша жылда ақталатыны және капиталды салымдар мөлшері анықталды.

Қысқартулар мен белгіленулер тізімі

АКШ	- асқын кернеу шектегіш
АТҚ	- ашық тарату құрылғысы
ӘЖ	- әуе желісі
БТҚС	- бас төмендеткіш қосалқы станция
БКҚС	-бас көтергіш қосалқы станция
БЭЖ	- бірыңғай энергетикалық жүйе
ЖЭО	- жылу электр орталығы
ЖККБ	- жоғары кернеулі конденсаторлар батареясы
ЖТҚ	- жабық тарату құрылғысы
АТҚ	-ашық тарату құрылғысы
ҚТ	- қысқа тұйықталу
ЛШ	- люминисцентті шамдар
ДРШ	-доға разрядтаушы шамдар
ПӘК	-пайдалы әсер коэффициенті
ӨҚН	- өрт қауіпсіздік нормалары
СҚ	- синхронды қозғалтқыш
ТККБ	- төменгі кернеулі конденсаторлар батареясы
ТҚ	- тарату құрылғысы
ТҚС	- трансформаторлық қосалқы станция
ЭБЖ	- электр беріліс желісі

Әдебиеттер тізімі

1. Князевский Б.А., Липкин Б.Ю. “Электроснабжение промышленных предприятий” – М. Высшая школа, 2005 г, 400 с.
2. Федоров А.А. “Справочник по электроснабжению и электрооборудованию” Том1– М. Энергоатомиздат, 1986 г, 568 с.
3. “Справочник по проектированию электрических сетей и электрооборудования” под редакцией Ю.Г.Барыбина и др. – М. Энергоатомиздат, 2002 г, 464 с.
4. Федоров А.А. “Справочник по электроснабжению и электрооборудованию” Том2– М. Энергоатомиздат, 1987 г, 592 с.
5. Неклепаев Б.Н., Крючков И.П. “Электрическая часть электростанций и подстанций”. Справочник – М. Энергоатомиздат, 2002 г.
6. Конюхова Е.А. Электроснабжение объектов : Учеб. пособие/ Е.А.Конюхова. М.: Мастерство, 2002. -319 с.
7. Д.Жохов, Л.Б.Годгельф. Проектирование электроустановок.
8. Электротехнический справочник : В 4 т./ Под общ. ред. В.Г. Герасимов, Под общ. ред. А.Ф. Дьяков, Под общ. ред. Н.Ф. Ильинский, Гл. ред. А.И. Попов Т. 3 : Производство, передача и распределение электрической энергии : справочное издание. -2002. -964 с
9. С.С. Рокотян, И.М.Шапиро. Справочник по проектированию электроэнергетических систем. – М.: Энергоатомиздат, 1985. -352с.
10. А.А. Федоров, Э.М. Ристхейн. Электроснабжение промышленных предприятий: Учебник для ВУЗов. – М.: Энергия, 2005. – 360с.
11. “Справочник по проектированию электрических сетей и электрооборудования” под редакцией Ю.Г.Барыбина и др. – М. Энергоатомиздат, 1991 г, 464 с.
12. РТМ 36.18.32.4-92
13. ПУЭ Издание седьмое. От 08.07.2002 № 204
14. ПТЭ и ПТБ, 2006 г.
15. Г.Н. Ополева - Схемы и подстанции электроснабжения. Справочник. Москва ФОРУМ-ИНФРА-М 2006 г.
16. Правила устройства электроустановок. Минэнерго СССР – М.Энергия, 2004 г.
17. Федоров А.А., Каменева В.В. “Основы электроснабжения промышленных предприятий” – М. Энергоатомиздат, 2000. – 472 с.
18. Положение об аттестации производственных объектов организации по условиям труда.
19. Свенчанский А.Д., Трейзон З.Л., Мнухин Л.А. “Электроснабжение и автоматизация электротермических установок” – М.: Энергия, 1980. – 320 с.
20. П. А. Долин. Основы техники безопасности в электроустановках Энергоатомиздат 2000 г.

Қосымша А

Зауыттың жарықтық жүктемесі

	A	B	C	D	E	F	G
1	S, м	ρ ₀ , кВт/м ²		К _{со}	Р _{у0} , кВт	Р _{р0} , кВт	Q _{р0} , кВар
2	2273	0,015	0,95	0,5	34,095	32,39025	16,195125
3	1965	0,011	0,95	0,5	21,615	20,53425	10,267125
4	189	0,015	0,95	0,5	2,835	2,69325	1,346625
5	184	0,011	0,6	0,5	2,024	1,2144	0,6072
6	616	0,011	0,6	0,5	6,776	4,0656	2,0328
7	616	0,011	0,6	0,5	6,776	4,0656	2,0328
8	860	0,015	0,95	0,5	12,9	12,255	6,1275
9	2130	0,018	0,9	0,5	38,34	34,506	17,253
10	2599	0,015	0,6	0,5	38,985	23,391	11,6955
11	860	0,011	0,6	0,5	9,46	5,676	2,838
12	860	0,012	1	0,5	10,32	10,32	5,16
13	3452	0,009	1	0,5	31,068	31,068	15,534
14	1352	0,013	0,95	0,5	17,576	16,6972	8,3486
15	1704	0,013	0,95	0,5	22,152	21,0444	10,5222
16	303	0,011	0,6	0,5	3,333	1,9998	0,9999
17	616	0,011	0,6	0,5	6,776	4,0656	2,0328
18	1327	0,013	0,95	0,5	17,251	16,38845	8,194225
19	1232	0,013	0,6	0,5	16,016	9,6096	4,8048
20	170	0,011	0,8	0,5	1,87	1,496	0,748
21	85430	0,009	1	0,5	768,87	768,87	384,435
22							

Қосымша Б

Зауыттың жарықтық және күштік жүктемесін Microsoft Office Excel
жабдығында жасау

	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K
26	Рн	ΣРн	Ки	tg	Рсм	Qсм	пэ	кр	Рр	Qр	Sp
27	50	1100	0,3	1,33	330	438,9	44	0,75	247,5	438,9	503,874
28									32,39025	16,19513	36,2134
29									279,8903	455,0951	540,088
30	40	1300	0,3	1,02	390	397,8	65	0,7	273	397,8	482,466
31									20,53425	10,26713	22,958
32									293,5343	408,0671	505,424
33	40	650	0,5	0,88	325	286	32,5	0,8	260	286	386,518
34									2,69325	1,346625	3,01115
35									262,6933	287,3466	389,327
36	10	50	0,25	1,33	12,5	16,625	10	0,905	11,3125	18,2875	21,5036
37									1,2144	0,6072	1,35774
38									12,5269	18,8947	22,6701
39	20	80	0,25	1,33	20	26,6	8	0,955	19,1	29,26	34,9422
40									4,0656	2,0328	4,54548
41									23,1656	31,2928	38,9344
42	30	380	0,25	1,33	95	126,35	25,333333	0,83	78,85	126,35	148,935
43									4,0656	2,0328	4,54548
44									82,9156	128,3828	153,481
45	55	300	0,3	1,02	90	91,8	10,909091	0,85	76,5	91,8	119,497
46									12,255	6,1275	13,7015
47									88,755	97,9275	133,198
48	30	250	0,5	0,75	125	93,75	16,666667	0,85	106,25	93,75	141,697
49									34,506	17,253	38,5789

Қосымша Г

Жүктемелердің нақтыланған есептелуін Microsoft Office Excel
жабдығында жасау

	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K
54	20	40	0,25	1,33	10	13,3	4	1,34	13,4	14,63	19,8393
55									5,676	2,838	6,34596
56									19,076	17,468	26,1852
57	30	150	0,3	1,02	45	45,9	10	0,9	40,5	50,49	64,7263
58									10,32	5,16	11,5381
59									50,82	55,65	76,2644
60									31,068	15,534	34,7351
61									31,068	15,534	34,7351
62	60	900	0,4	1,02	360	367,2	30	0,75	270	367,2	455,78
63									16,6972	8,3486	18,668
64									286,6972	375,5486	474,449
65	60	1200	0,4	1,02	480	489,6	40	0,75	360	489,6	607,707
66									21,0444	10,5222	23,5284
67									381,0444	500,1222	631,236
68	20	50	0,25	1,33	12,5	16,625	5	1,01	12,625	18,2875	22,2221
69									1,9998	0,9999	2,23584
70									14,6248	19,2874	24,458
71	20	50	0,25	1,33	12,5	16,625	5	1,01	12,625	18,2875	22,2221
72									4,0656	2,0328	4,54548
73									16,6906	20,3203	26,7676
74	30	150	0,3	0,75	45	33,75	10	0,9	40,5	37,125	54,941
75									16,38845	8,194225	18,3228
76									56,88845	45,31923	73,2639
77	80	470	0,5	0,75	235	176,25	11,75	0,85	199,75	176,25	266,391